

ISSN 1999-4214 (print)  
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

**ВЕСТНИК**

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

**BULLETIN**

OF THE EURASIAN  
HUMANITIES  
INSTITUTE

№4/2024

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD)

#### Редакция алқасы

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Туркия

**Редакцияның мекенжайы:** 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.  
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Басуға 24.12.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.  
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89  
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

**Адрес редакции:** 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.  
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».  
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Подписано в печать 24.12.2024 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типопр.  
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89  
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

#### Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

**Editorial address:** 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

**Tel/Fax:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 24.12.2024 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS

АКИЖАНОВА Д.М., ОМАРОВА А.С., ЧЕШМЕДИЕВА-СТОЙЧЕВА Д.С.	Вопросы межъязыковой передачи топонимов Республики Казахстан	7
АҚЖІПТОВА А.О., САЛҚЫНБАЙ А.Б., СӘРСЕНБАЙ Ж.А.	Абай өлеңдеріндегі окказионалды субстантиваттар	18
АУБАКИРОВА А.Е., ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ЖУАНЫШПАЕВА С.Ж.	Новые термины на казахском языке: история и опыт	32
ӘЛІСЖАН С.Қ.	Термин қалыптастырудың өзекті мәселелері	44
БЕКЕНОВА Г.Ш.	Тұрақты тіркестердегі «төрт түлік мал» концептісі	53
ДАВЛЕТОВА С.Е., БИЖКЕНОВА А.Е.	Вернакулярлық контенттерді жер атауларында қолдану және оның тілдік-танымдық ерекшеліктері	61
ДОЛДИНОВ С.А. ЖУСУПОВА Г.М. ВЕРБА Е.А.	Аргументация и убедительная речь в политике Казахстана	76
ЖАКУПОВ Ж.А., ТҮЙЛЕБАЕВА Қ.Б.	Сөз семасиологиясындағы синергетика	88
ИБРАЕВА М.Б.	Постсубмәдениет өкілдерінің тілдік бейнесі	98
ISKAKOVA G.ZH., RYSPAYEVAD S.	Language and emotions: emotional lexicon in a literary text (based on the works of A. Kekilbayev, Ch. Aitmatov)	107
ИСПАНДИЯРОВА А.Т.	Қазақ халық лирикасындағы когнитивті метафораның семантикалық сипаты	121
SAGIDOLDA G., RAINBEKOVA G.S.	On lexicography of antonyms in the kazakh language	130
ТҮРҒАНБАЕВА Қ.М., САРЕКЕНОВА Қ.Қ.	Қазақ-түрік тілдеріндегі баланың дүниеге келуіне қатысты фразеологизмдердің этнографиялық сипаты	138
УРАЗАЕВА Қ.Б., ЖАРҚЫНБЕКОВА Ш.Қ.,	Языковая личность бия и эффективная коммуникация	147
ЕРІК Г.		

### ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES

АБДРАСИЛ Н.С., ЖАПАРОВА А.Ж.	Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафораларды салыстырмалы талдау (түпнұсқа және аударма нұсқалары негізінде)	158
АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., ДАУЫЛБАЙ М.	Әбіш Кекілбайдың «Ханша-дария» хикаясындағы Гүрбелжін бейнесі	171
АСАН Н.Б., ХАЛИКОВА Н.С.	Әлішер Рахаттың «Параллель» романының қазіргі қазақ прозасының дамуындағы орны	179
БАЙТУРИНА У.К.	Русский социализм Н.Г. Чернышевского и русская идея Ф.М. Достоевского	189

КӘРІМХАН З.Т., ӘУБӘКІРОВА Қ.Ә., ТОҚТАРБАЙ Е.Н. МАНСУРОВА Ә.Ж. ОРДА Г.Ж.	Қазақ әдебиетіндегі мемуаристика. Отыншы Әлжанұлы жазған қазанама естелік ретінде	199
НЕСИПБЕКОВА А.С., СМАГУЛОВ Ж.К.	Мағжан мен Сәкен: тұлғалар тұтастығы	216
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б., БІРЛЕСОВА Б.Б.	Қазақ әңгімелеріндегі бақсы сарыны	225
TASNEKOVA A.T., ZHURUSSOV N.K., SHARAUOV A.K	Ideological and thematic basis of children's folklore in the research of Bekmurat Uakhatov	238
ТУРСЫНХАНОВА Қ.Қ., МУКАЖАНОВА Р.М. *ХУСАИНОВА А.К.	Шәкәрімнің ақындық кітапханасы Түркі фольклорындағы «әйел» бейнесінің гендерлік аспектісі	249 260

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ /  
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ /  
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

JANDILDINOV M.K., ZHAPAROVA A.ZH., TUSSUPBEKOVA M. ZH.	The role of online resources in the process of english learning	270
КЕРІМБЕКОВА Б.Д. ОТАРБАЕВА Ғ.Н.	Әдебиет сабағында оқушылардың креативті ойлауын қалыптастыра отырып шығармашылыққа баулу жолдары	281
ҚУАНБАЕВА Ж.С., БАЙҒҰТОВА Д.Н., ИБРАГИМОВА У.Б.	Цифрлық білім беруде геймификация оқытудың жаңа тәсілі ретінде	291

Г.Ш. БЕКЕНОВА 

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан  
(e-mail: [gulnar68\\_koks@mail.ru](mailto:gulnar68_koks@mail.ru))

### \*ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДЕГІ «ТӨРТ ТҮЛІК МАЛ» КОНЦЕПТІСІ

**Аңдатпа.** Мақаланың мақсаты – қазақ тіліндегі төрт түлік малға байланысты тұрақты тіркестердің қалыптасуындағы концептілік аяны зерттеу.

Ғылыми жұмыстың негізгі идеясы – қазіргі уақыттағы жастардың тілінде төрт түлік малға байланысты тұрақты оралымдардың сирек қолданылуы мен олардың мағынасының көмексіленуіне белгілі бір деңгейде әсер ету.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде шетелдік В. Маслова, В.М. Мокиенко, Л. Вентути, Ф.Д. Шлейермахер, В.Н. Телия, И.В. Зыкова, Г. Хухуни, В.В. Сдобников, Г. Тури, П. Ньюмарк, Р. Белл және отандық тіл біліміндегі І. Кеңесбаев, Ө. Қайдар, Е. Жанпейісов, Р. Сыздық, М.М. Копыленко, Ө. Айтбаев, С.Е. Исабеков, Н. Уәли, М.Т. Сабитова, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, С. Сәтенова, Г. Сағидолда, т.б. ғалымдардың зерттеулеріндегі теориялық тұжырымдар басшылыққа алынды. Сонымен қатар, фразеологиялық сөздіктер мен көркем шығармалардан мысалдар алынды.

Зерттеу кезінде талдау, фактіге негізделген материалды саралау, жүйелеу, сипаттау әдістері қажетіне қарай пайдаланылды.

Жұмыстың ғылыми маңыздылығы – талдау барысында көркем шығармалар мен ғылыми зерттеулердегі, сөздіктердегі тұрақты оралымдарды салыстыра отырып, олардың ұлттық этникалық сипаты сараланып берілді.

Зерттеу қорытындыларының практикалық маңыздылығы – жұмыс қорытындыларын филология мамандықтарында қазіргі қазақ тілі, лексикология пәндерінде пайдалануға болады.

**Түйін сөздер:** тұрақты тіркестер, төрт түлік мал, концепт, этномәдени атаулар, заттық образдар, халықтың тарихы.

**Кіріспе.** Тұрақты тіркестер – номинативті әрі коннотативті қызмет атқаратын лингвистикалық бірліктер болып саналады. Кез келген фразеологизмнің формасы мен денотат арасында ассоциативтік образ қалыптасады. Ассоциативтік бейненің қалай пайда болатынын фразеологизмнің этномәдени семантикасының қыр-сырын зерттеу арқылы ғана түсінуге болады.

Қазақ халқының ұлттық ерекшелігі мен болмысын айқындайтын қазақ тілінің маңызды қабаттарының бірі – төрт түлік мал атауларына қатысты фразеологизмдер деуге болады. Қазіргі кезде тіл білімінде жаңа бағыт қарқынды дамып келеді. Антропоцентристік парадигма өз аясында бірнеше жаңа салалардың ғылыми негіздерін зерделеуге ықпал етті. Солардың бірі – когнитивтік лингвистика. Когнитивтік лингвистика тіл мен адам санасын, тіл мен танымдық жүйені тұтас жүйе тұрғысынан қарастырады. Концепт – когнитивтік лингвистиканың негізгі категориясы. Жалпы алғанда, «концепт» термині когнитивтік лингвистика ғылымының қажеттілігінен туындап, адамның таным әрекетімен

\* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР14871055 «Қазақ тілдік танымдағы «Төрт түлік концептісінің өрісі» ғылыми жобасы аясында жазылды.

және мәдени ақпаратымен тығыз байланысты. Қ. Қайрбаева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні» атты ғылыми еңбегінде тілдегі қалыптасқан символдық жүйе мен ғаламның тілдік бейнесін өзара ұштастыра отырып, концепт туралы: «Концепт – әлем туралы жүйелі білімнің жеке тұлға тарапынан шындықтағы нысана туралы білетін, елестететін, ойлайтын фрагменті» деп пайымдайды [1, 50]. Қазақ тіліндегі поэтикалық мәтіндегі концептілердің ерекшеліктерін зерттеген. А. Әмірбекованың пікірінше: «Концепт дүние құндылықтарын танытады; санадағы ұғымды бейнелейді, тіл арқылы объективтенеді; санада концептілік құрылымдар арқылы бейнеленеді; тұлғаның білім деңгейін көрсетеді; ұлттың мәдени болмысы мен менталитетін көрсетеді; әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын береді; тұлғаның танымдық стилін айқындайды» [2, 101]. Зерттеуші С. Жапақов: «Концепт – индивидтің, тілдік ұжымның лингвистикалық қоғамдастықтың ақиқат туралы білім жүйесі болып табылады» [3, 47] деп тұжырымдайды. Ғалым Н. Уәли: «Концептінің жасалуына ұғым емес, заттық образдар (заттың бейнесі) негіз болады. Мысалы, ат жалын тартып мінді дегенге ат, мін, жал деген (субъект-предикат) ұғымдар емес, ақиқат өмірден алынған сенсорлық-перцептивті образ негіз болып тұр», – дейді [4, 44]. Олай болса, концептілік мағынаның қалыптасуының о бастағы негізі нақтылы іс-әрекетпен байланысты шықты деуге де болады.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Тіліміздегі фразеологизмдер халықтың ерте уақыттан бергі өмірінің барлық қыр-сырын жан-жақты бейнелеп, сақтап келеді. Халықтың күнкөрісі мен тұрмыстық тәжірибесі негізінде қалыптасқан түсініктер мен салт-дәстүрлер тілдік қолданыстағы тұрақты тіркестер арқылы көрініс табады. Осы себептен, тұрақты тіркестер біздің ұлттық менталдық ерекшеліктерімізді бойына сіңірген мәдени байлығымыздың маңызды бөлігі болып саналады. Қазақ тіліндегі төрт түлік малға қатысты фразеологизмдер халықтың рухани мәдениеті, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, дүниетанымы мен болмысын нақты көрсетеді [5, 456]. Бұл фразеологизмдерде тіл мен халық, тіл мен рухани мәдениет, тіл мен танымның өзара байланысы айқын көрініс тапқан. Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді когнитивтік тұрғыда зерттеу халықтың тарихын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын, ұлттық-мәдени ерекшеліктерін, ойлау логикасын және танымдық табиғатын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мал шаруашылығымен тығыз байланысты өмір сүрген қазақ халқы үшін төрт түлік малдың орны ерекше маңызды. Қазақтар түйе, жылқы, қой, сиыр малын төрт түлік деп атайды. Фразеологизмдерде төрт түлік малдың сыртқы пішіні, мінез-құлқы мен әдеттеріне сәйкес адамның ерекшеліктерімен бейнелі салыстырулар жасалады. Мысалы, түйе малына қатысты фразеологизмдер адамның көңіл-күйін, мінезін, әлеуметтік және саяси қатынастарын білдіреді. Уақытты, көлемді, салмақты және биіктікті анықтауға қатысты тұрақты тіркестер: «түйенің табаны түсер жер» – Мекке қажылыққа баратын өте алыс жер; адамның мінезі мен іс-әрекеттеріне қатысты тұрақты тіркестер: «түйе үстінен сирақ үйіту», «түйе шешкендей ету», «боз інгендей боздау» және т.б. Мақалада сипаттамалы, салыстыру әдістері қолданылады.

**Талқылау мен бақылау.** Қазақ тілінде түйе, атан, бура, аруана, інген, тайлақ, бота және нарға қатысты көптеген фразеологизмдер бар. Мысалы, нар атандай, нар еді, мұрнын тескен тайлақтай, қаңтардағы бурадай тісін қайрау, нар бурадай шабынды, жаңа аяқтанған ботадай, бота тірсек, шоқ басқан тайлақтай және т.б. Боталаған нардай зарлады – қатты күйзелді, мейірімі түсті. Ботадай боздады – еңіреп жылады. Ботасын бауырына алған інгендей – жақсы көріп, бүкіл жан-дүниесімен мейірлену. Бота тірсек бозбала – әлжуаз, қайратсыз жасөспірім. Бурадай бұрқылдады – қатты ашуланып, қаһарланды. Жаман түйенің жабуындай – тозығы жеткен, ескі киім. Нарға жүгін салғысыз – өте күшті, мықты. Нар бурадай шабынды – қатты ашуланып, айбат көрсетті. Нар жігіттер – қиындыққа төзімді, мықты, еңбекқор ер азаматтар. Түйе жолы жіңішке – жоғалған нәрсе немесе мал оңай табылмайды деген мағынада. Түйе кекірік – қатты тойған кезде болатын еріксіз кекірік.

Түйе малының көзіне байланысты тіркестерді әдеміліктің эталоны, символ ретінде қабылдаған. Мысалы: бота көз, ботадай көзі, көзі боталап тұр деген тіркестерде ботаның



көзінің әдемілігі қазақ халқы үшін символдық мағынаға ауысқан. Сондай-ақ, түйеге байланысты:

- Түйе үстінен сирақ үйтіп; түйе үстінен ит қыпқын – ебедейсіз, болбыр адам;
- Бір күн бие, бір күн түйе – жағымсыз мінез;
- Сөзі түйеден түскендей – дөрекі сөз;
- Түйенің тұяғы түскен жер – алыс, қашықтық;
- Түйенің жарты етіндей – шектен тыс семіздік;
- Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресін; ақ түйенің қарны жарылу – молшылық үстінен түйе жүріп өтсе де – маубас, момындық, т.б. Тілімізде парақор, жемқор адамдар туралы түйені түгімен, биені бүгімен жұтқан тіркесі бар.

Қазақ халқы жылқыны «мал төресі» деп қадірлеген. Жылқыға байланысты фразеологизмдер қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшеліктерін көрсетеді. Мысалы, жылқы тұсар кез, бие сауымдай уақыт, ат арыды, тон тозды, ат арылтты, ат байлар, ат басына күн туды, ат басына соқты, ат басын бұрды, ат басындай, ат басын тартты, ат бауырына алды, ат бойы, ат жақты, бес биенің сабасындай, бие бауындай жер, ат адым, құнан шаптырым, тай тұяқ алтын, ат басындай алтын және т.б. Сонымен қатар, жылқы малының дене мүшелеріне байланысты тұрақты тіркестер де көп. Мысалы, ат жалын тартып мінді – адам болды, ер жетті; ат құйрығына байлау – кінәлі адамды жазалау; ат кекілін кесісті – достық, туысқандық қарым-қатынастарды бұзу; ат құйрығын түйісу – серттен қайтпау белгісі.

Қазақ халқының мал шаруашылығында сиыр да маңызды рөл атқарады. Сиыр малына байланысты көптеген атаулар мен тұрақты тіркестер бар. Мысалы, өгіздей боп – үлкен бола тұрып; өгіз сияқты – бас-көзге қарамай, киіп-жарып жүре беретін адам; өгіз қара күші бар – күшті, қарулы; өгіздей өкірді – қайғыдан қатты жылады; өгіз олжа, өгіз сыбаға – мол сыбаға; өгізді өрге салсаң, қанатың салады – қиынға салмау; өгіз аяң – шабан жүріс; өгіз терісі талыс – үлкен, ауқымды; әңгіме бұзау емгізер – бос сөз. Бұзау тіс – ірі өрілген қамшы түрі; бұқа – буға, азбан – дуға – құр кеуде, тыраштану; бұқа мойын – жуан мойын; сиыр сәске – уақыт өлшемі; сиырдай мүйізdestі – қырылысты; сиырдың бүйрегіндей бытырады – жан-жаққа тарап кетті; сиырдың жапасы – нәжісі; сиырдың жорғасы секілденді – майда жүріс; сиыр құйымшақтатты – аяқсыз қалдырды; сиыр мінез – сүйкімсіз қылық; сиыр тектес – қисық, қыңыр. «Құлаққа ұрған танадай» тұрақты тіркесінің де қалыптасу уәжі қазақ халқының малға қатысты тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты. Тұрақты тіркестің қалыптасуы сиырда болатын аурумен байланысты шыққан. Сиырдың бір жасар төлінің тілінде «айналшық» деген аурау болады. Ветеринарияда бұл дертті «ценнуроз» деп атайды. Ауырған мал сенделіп, тұрған жерінде өзін-өзі айнала береді. Ертеде қазақтар ауырған малды жұдырықпен құлаққа қатты соғу арқылы емдеген, сонда есеңгіреп қалған мал, аздан кейін шөп жеп, су ішіп жазылып кететін болған [6, 81]. Қазақ халқының тыныштық қалпын «Құлаққа ұрған танадай» деуі содан болса керек. Алғашқыда мал емдеудің бір тәсілі болған құлаққа ұру, кейін уақыт өте келе бастапқы мәні ұмытылып, тек тұрақты тіркес түрінде қалуы мүмкін. ҚТФС-да «Құлаққа ұрған танадай» тұрақты тіркесінің «тып-тыныш, жым-жырт» деген мағынасы ғана берілген. Алайда көркем туындыларда авторлар осы тіркестің «есеңгіреп қалу» деген нұсқасын да қолданады. Мысалы: танк құлаққа ұрған танадай есеңгіреп кілт тоқтап қалды (Б. Момышұлы). Академик Ә. Қайдар да бұл тіркестің «мәңгіру» деген мағына беретінін айтады. Сонда бұл тіркестің екі мағынасы бар: бірі – есеңгіреу, екіншісі – жым-жырт тыныштық.

Қой-ешкіге байланысты да көптеген фразеологизмдер бар. Мысалы, ақсарбас айтты – аруақтарды риза қылу мақсатымен құрбандыққа мал шалу; қозы құйрық қылды – шаршату; қой ішіндегі марқа – өте жарамды; қонақ қойдан жуас – мейманға разы болу; қойға шапқан қасқырдай – қырып-жою; қойдай шулады – қайғыға бату; қозыдай көгендеді – тізу; қой аузынан шөп алмайды – жуас, момын адам; қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман – бейбіт, тыныш заман.

Қой малы қазақ үшін бейбітшілік, тыныштық, момындық, жуастық символы ретінде және жағымды мағынада көбірек айтылады. Осы түлікке байланысты: семіздікті қой ғана көтереді, қойдан жуас, қой аузынан шөп алмас, қойдай қоңыр, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман, т.б. тіркестердің ортақ мағынасы тыныштық, момындық, бейбітшілікке келіп ұласады. Бейнелі мағына тудырып келіп, жаңа оралым жасаған сөз тіркесімдері дүниетанымдық мағынада болады. «Тұсақ қой түстен кейін маңырайды» деген мақал да момындықты сипаттайды. Бұл туралы: «Фразеологиялық мағынадағы концептінің ең басты өлшемдері: бейнелілік, ұғымдық (концептінің құрылымдық белгілері) және құндылықтар» [7, 5] деп көрсетеді ғалым Г. Смағұлова.

Қой малы ірі қара малдай емес, көптігімен және қолдану ыңғайлылығымен бағаланған. Мысалы, асау тайдай дегендей, асау қойдай деген тіркес жоқ. Жуас, момын мінезді адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқын сипаттауға негіз болған.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер жылқыға қатысты атауларды жан-жақты қамтиды. Ең көп қолданылатын тұрақты тіркестер жылқы мен ат лексемаларына қатысты. Жылқының түрлеріне байланысты тіркестердің мағыналық және тақырыптық топтары әртүрлі. Қазақ тілінде жылқы мен ат сөздерінен көптеген туынды сөздер, жүздеген фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер жасалған. Олардың дискурстық ерекшеліктерін қарастырғанда, ұлттың мәдени өмірі, тұрмысы, мінез-құлқы, салт-дәстүрлері сияқты құндылықтардың жүйесі қалыптасқанын байқауға болады.

Қазақ халқы жылқыны ерекше қастерлеген, себебі жылқы – мақтаныш. Ер жігіттің желдей ескен жүйрік атымен мақтанып, мәртебе алады. «Жігіттің сорлысын, аттың жолдысы теңейді» деген мақал да осыдан шыққан.

С. Қондыбай: «Жылқы – арғықазақтың болмысында да, оның рухани дүниесі мен дүниетанымында да ең басты универсал сипатқа ие тіршілік иесі» [8, 25] деп тұжырымдайды.

Жылқы тұрмыс жеңілдететін көлік әрі жұмыс күші ретінде, ал оның еті мен қымызы қазақ ұлтының мәдени өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақ ұлты өзін жылқымен байланыстыра отырып таныған. Аңшылық, саятшылық, салт-дәстүрмен байланысты спорттық ойындар (қыз қуу, теңге алу, ат жарыс және т.б.), ат сынына қатысты сөздер мен фразеологизмдер, тіпті «адам – жылқы мінезді» деген тұжырымның барлығы жылқы малының маңызын айқындайды.

Мысалы:

- Ат жалын тартып міну,
- Ат ер қанаты,
- Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше,
- Бес биенің сабасындай,

Тұрақты тіркестер мен фразеологизмдердегі мәдени ақпаратта қазақтың жылқыға деген құрметі мен сүйіспеншілігі, бағалауы айқын көрінеді. Ұлттың таным-түсінігіндегі ассоциацияларды байқауға болады. Амандасқанда – «Ат-көлігің аман ба?» деп сұрайды. Заттың көлемі аз болса – «ат төбеліндей» деп қомсынады. Танысып, табысқанда – «жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше» дейді. Бірде жағымды, бірде жағымсыз мінездерін сипаттағанда – «жылқы мінезді» деп атайды.

Егер бейтаныс адамның сырын тек жақындары білсе, бұл жағдайды «аттың сыры иесіне мәлім» деп сипаттайды. Өсектегенде «ағаш атқа мінгізеді», ал ренжіп, ашуланғанда «ат құйрығын кесіседі». Қатынаспай, көріспей қалса «ат ізін салмады» дейді. Бірге өскендерді «құлын-тайдай тебісіп өскен» деп атайды, ал олжалы болса «қанжығасы майланды» немесе «ат басындай алтын» дейді. Кінәлі болғанда «ат-шапан айып береді», ал таныған кісінің шынайы болмысын көрсең, «адам аласы – ішінде, жылқы аласы – сыртында» деген мақал қолданылады. Отбасылық өмірде «атың жақсы болса – бір бақыт, қатының жақсы болса – мың бақыт» деп бағалайды. Ер жігіттің мәртебесі желдей ескен жүйрік атымен көрінеді, «жігіттің сорлысын, аттың жолдысы теңейді» деген мақал осыған қатысты айтылған.

Жылқы қазақ халқының тұрмысын жеңілдететін көлік әрі жұмыс күші ретінде маңызды болған. Жылқының еті, қазы-қартасы мен қымызы қазақ ұлтының мәдени

өмірінің бөлшегіне айналған. Қазақ ұлты өзін жылқымен танытқан, сондықтан аңшылық, саятшылық, салт-дәстүрге байланысты спорттық ойындар (қыз қуу, теңге алу, ат жарыс және т.б.), ат сыны мен қамшыға қатысты фразеологизмдер де осы малдың төңірегіне топтасқан.

Қазақтар жүйрік жылқыларды тұлпар, арғымақ, сәйгүлік деп ерекше күтім жасаған. «Жүйрікке – тұмар»; «Жайшылықта анау да ат, мынау да ат, Ұлы дүбірде келеді шын жүйрік ат»; «Жорғаның қадірі желігенде білінер»; «Тұлпардың өз тұяғы өзіне дәрі»; «Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, қияғы бүтін сұңқар жоқ»; «Тұлпар түбін табады, жақсы тегін табады»; «Тұлпар тегіне тартады»; «Тұлпардан тұяқ қалар, сұңқардан қияқ қалар»; «Тұлпар шапса, жетіледі, сұңқар ұшса, жетіледі» сияқты сөздер жылқының қадір-қасиетін аса жоғары бағалаған ұғымды білдіреді [9, 264].

Ә. Қайдар: «Ат жалында ажал тұрады» деген оралым оның ертеректегі ең басты міндеттерінің бірі – жауына қарсы шапқан ер қанаты бола білуінде, «тұлпар мініп, ту шайқаған» батырдың өзімен бірге қанды қырғынға кіріп, төтеп беруінде. «Аттың жалы, түйенің қомында» жүрген ер-азаматқа мінген атының жалы оның жеңісіне де, ажалына да куәгер болуы мүмкін» [10, 207 ], – дейді.

Қазақ халқының дүниетанымында жылқыны ұрып-соқса, киесі атады деп түсінілген. «Бақан аттаған байымайды, балта аттаған жарымайды» деген түсінік те осындай ұғымдарға байланысты қалыптасқан.

«Атың жаман болса, арманың кетер,  
Балаң жаман болса, дәрменің кетер,  
Әйелің жаман болса, келгенің кетер»;  
«Атың жақсы болса, жолдың пырағы;

«Әйелің жақсы болса, жанның шырағы» сияқты мақал-мәтелдер жүйрік ат, алтын жалатылған ер-тұрман, сұлу жар ер-азаматтың қазынасы болып есептелінгендіктің бір дәлелі. Ер жігітті мінген аты мен ер-тұрманына қарап бағалаған: «Атына қарай – тұрманы, еңбегіне қарай – қырманы» [10, 264].

Қазақтың фольклорлық мұрасында да батырдың мақсатқа жету жолында басты көмекшісі тұлпар ат ретінде беріліп отырады. Мысалы «Ер Төстік» ертегісіндегі: «Шалқұйрық атқа тіл бітеді: Біз енді жер астына түстік, бұдан былай жер астының елі жолығады. Біраз жүрген соң, жылан Бапы ханның ордасына келеміз. Жылан бапы ханның ордасына келгенімізде, мені алысқа қойып, өзің ордаға кіресің. Ордаға кіргенде есіңде болсын: үйге кіргеніңде екі босағадан екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келеді, олардан сескенуші болма, жылан Бапы ханның есігін күзеткен құлдары. Төр алдына бара бергеніңде, екі сұр жылан ысылдап келеді де, екеуі де екі жеңіңнен кіреді, қойныңнан шығады, қойныңа кіреді, қонышыңнан шығады. Бұлар жылан Бапы ханның ұлы мен қызы болады. Төрге отыра бергеніңде, дәу екі сары жылан ысылдап тұра келеді, одан да сескенбе. Бұлар – жылан Бапы ханның өзі мен әйелі. Егерде бұлардан сескенсең, сені Ер Төстік демейді, жер асты еліне қадіріміз болмайды, жер үстіне жол тауып шыға алмай қаламыз, – дейді. «Керқұла атты Кеңдебай» ертегісінде де: «Керқұла атқа тіл бітіп сөйлейді: Достым, Кеңдебай, іздеген жоғың алыста емес. Біреуі емес, екеуі де осыдан табылады. Мына таудан әрі ассаң, ағып жатқан өзенді көресің. Өзеннің ортасында бір арал бар. », – дейді. Халықтың дүниетанымы бойынша жылқы малының «ғажайып» қасиеттері қиындықтан құтылу жолы ретінде көрінеді. Осыдан да қазақтың жылқымен жаны біртұтас болып кеткенін байқауға болады.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерде жылқыға ерекше орын беріледі, себебі жылқы қазақ мәдениетінде маңызды рөл атқарады.

Сиыр мен түйе малдарына қатысты тұрақты тіркестердің саны аз болғанымен, олардың да қазақ тұрмысында ерекше орны бар.

Сиырға қатысты тұрақты тіркестер де қазақ тілінде аз кездеседі. Мысалы:

- Сиыр сипағанда білмейді
- Сиырдың тіліндей

- Сиырға жабу жапқандай
- Сиыр бүйрегіндей бытырау [11, 207].

**Нәтижелер.** Кез келген тілдің фразеологизмдері – әлемнің лингвистикалық бейнесін жасауға қатысатын ерекше лингвистикалық белгілер. Фразеологизмдегі мағынаны жүзеге асыру барысында халықтың мәдени және тарихи тәжірибесі бекітіліп, оның құндылық белгілері сақталады [12, 53].

Қазақтың тыйым сөздерінен де малға деген үлкен ықыласты, құрметті көреміз:

– Малды қу шыбықпен, от көсеген ағашпен айдауға болмайды. Себебі малдың сүті қайтып, аз сүт береді.

– Сыпырғышпен малды ұруға болмайды, жас шыбықпен айдау керек. Мұндағы қу ағаш, жартылай күйген ағаштар қайта көктеп өнім бермейтін болғандықтан, малды осылармен айдайтын болса, малдың өнімі болмай, сүті қайтады деген ырымнан туса керек.

Тілімізде молшылық, көптік мағынасын беретін «ақ түйенің қарны жарылу», «қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» деген тұрақты тіркестердің де халықтың мал шаруашылығымен байланысты туындағаны анық.

«Жануарлар, төрт түлік атымен» байланысты семантикалық тип модельдері де кездеседі. Бұл топқа Қазақстанның солтүстік өңір жануарларының аттары, мал шаруашылығына қатысты атаулар кірген гидронимдер жатады. Мұндай географиялық атаулар жануарлардың қазіргі және ертедегі таралу ареалы жайлы маңызды ақпарат бере алады. Олар бұрынғының ең сенімді куәлары болып саналады, өйткені гидронимдер мен көне топонимдер арқылы кейбір жануарлардың өмір сүру орындарын анықтаған мысалдар өте көп [13, 21].

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, төрт түлік малға қатысты тұрақты тіркестер қазақ тілінде өте көп. Әсіресе, жылқыға қатысты тұрақты тіркестер ерекше көп кездеседі. Қазақ тіліндегі төрт түлік малға қатысты тұрақты тіркестерді когнитивтік тұрғыдан талдау қазақ мәдениеті мен бітім-болмысын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Концептілік мағыналар көбіне тарихи негізді фразеологизмдердің мәнінен алынады. Тарихи фразеологизмдер ұлт тарихына қатысты дереккөздері ретінде бағаланады. Қазақ ұлтының тарихына қатысты фразеологизм компоненттерінде көптеген тарихи ақпараттар сақталған. Ғылыми талдаулар негізінде алынған нәтижелер – лингвоконцептологияның нысаны.

Қазіргі заман адамының тұрақты тіркестерді қолдану барысында лингвистикалық интуициясының жоқ екенін де байқаймыз. Бүгінгі жастар малға байланысты тұрақты оралымдардың мағынасын түсінбейді. Оның себебі олардың фразеологизм мағынасын білдіретін тілдік жағдаятты білмеуінен деуге болады. Тұрақты оралымдарда айтылған тәжірибелік білім қорының жеткіліксіздігі фразеологиялық сөздік қорының жұтаңдығын көрсетеді.

## Әдебиеттер

1. Қайрбаева Қ. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: фил. ғыл. канд... дис: – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2004. – 138 б.
2. Әмірбекова А. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М. Мақатаев поэзиясы бойынша): филол. ғыл. канд... дис: – Алматы: А. Байтұрсынұлы ат-ғы Тіл білімі институты, 2006. – 107 б.
3. Жапақов С. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері: филол. ғыл. канд... дис: – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2003. – 130 б.
4. Уәли Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Қазақ тілі, 2021. – 120 б.
5. Brown, J., Smith, R. (2022). Cultural Significance of Animal Idioms in Language // Journal of Animal Science. – 2022. – 100(3). – pp. 456-467.
6. Мұқанов С. Қазақ қауымы. – Алматы, Ана тілі. 1995. – 81 б.

7. Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: Елтаным, 2020. – 256 б.
8. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 1-4 кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 504 с
9. Сағидолдақызы Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны. – Алматы: Ғылым, 2003. – 246 б.
10. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 б.
11. Қазақтың мақал-мәтелдері, құрастырған: Смайлова А.Т. – Алматы, Сөздік-словарь, 2002. – 309 б.
12. Байшукурова Г., Казмагамбетова А. Отражение духовных ценностей во фразеологии русского и казахского языков // Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series. – 2021. – С. 53-60.
13. Бекенова Г.Ш. Ономастикадағы номинациялық сипат // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – №3/2022. – Б. 16-24.

### Г.Ш. БЕКЕНОВА

Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

#### КОНЦЕПТ «ТӨРТ ТҮЛІК МАЛ» (ДОМАШНИЕ ЖИВОТНЫЕ) В УСТОЙЧИВЫХ СЛОВСОЧЕТАНИЯХ

**Аннотация.** Цель статьи – изучение концептуального фона в формировании устойчивых выражений в казахском языке. Основная идея научной работы заключается в частом употреблении устойчивых словосочетаний, связанных с домашними животными. Методологическая основа исследования включает труды зарубежных учёных: В. Маслова, В.М. Мокиенко, Л. Вентути, Ф.Д. Шлейермахера, В.Н. Телия, И.В. Зыкова, Г. Хухуни, В.В. Сдобникова, Г. Тури, П. Ньюмарка, Р. Белла, а также теоретические выводы отечественных учёных-лингвистов: И. Кенесбаева, А. Кайдара, Е. Жанпеисова, Р. Сыздык, М.М. Копыленко, У. Айтбаева, С.Е. Исабекова, Н. Уали, М.Т. Сабитова, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, С. Сатенова, Г. Сағидолда и других. Были также использованы примеры из фразеологических словарей и художественных произведений. В исследовании применялись методы анализа, дифференциации, систематизации, описания фактического материала в зависимости от необходимости. Научная значимость работы заключается в детальном рассмотрении национального этнического характера художественных произведений и сопоставлении постоянных оборотов в научных исследованиях и словарях. Практическая значимость результатов исследования состоит в возможности их использования при подготовке к лекциям и семинарам по дисциплинам «Современный казахский язык», «Лексикология», а также на спецкурсах в ходе обучения студентов и магистрантов филологических специальностей.

**Ключевые слова:** устойчивые словосочетания, «төрт түлік мал» (домашние животные), концепт, этнокультурные названия, предметные образы, история народа.

### G. SH. BEKENOVA

A.K. Kussayinov Eurasian humanities institute, Astana, Kazakhstan

#### КОНЦЕПТ «ТӨРТ ТҮЛІК МАЛ» (ДОМАШНИЕ ЖИВОТНЫЕ) В УСТОЙЧИВЫХ СЛОВСОЧЕТАНИЯХ

**Annotation.** The aim of this article is to study the conceptual background in the formation of fixed expressions in the Kazakh language. The main idea of the research is to encourage young people to frequently use fixed expressions related to domestic animals.

The methodological basis of the study includes the works of foreign scholars: V. Maslov, V.M. Mokienko, L. Venuti, F.D. Schleiermacher, V.N. Teliya, I.V. Zykova, G. Khukhuni, V.V. Sdobnikov,

G. Toury, P. Newmark, R. Bell, as well as theoretical conclusions of domestic linguists: I. Kenesbayev, A. Kaidar, E. Zhanpeisov, R. Syzdyk, M.M. Kopylenko, U. Aitbayev, S.E. Isabekov, N. Uali, M.T. Sabitov, Zh. Mankeeva, G. Smagulov, S. Satenov, G. Sagidol and others. In addition, examples from phraseological dictionaries and literary works were used.

The study employed methods of analysis, differentiation, systematization, and description of factual material as necessary.

The scientific significance of the work lies in the detailed examination of the national ethnic character of literary works and the comparison of fixed expressions in scientific research and dictionaries. The practical significance of the research results is their potential use in the preparation of lectures and seminars for the courses «Modern Kazakh Language,» «Lexicology,» as well as in special courses for the training of students and graduate students of philological specialties.

**Keywords:** fixed expressions, «tört tylik mal» (domestic animals), concept, ethnocultural names, subject images, history of the people.

### References

1. Qairbaeva Q. Qazaq tılındegı etnomädeni ataulardyń simvoldyq mäni: fil. ğyl. kand... dis: – Almaty: A. Baitürsynüly atyndağy Tıl bılımy inistituty, 2004. – 138 b.
2. Ämirbekova A. Konseptlik qürylymdardyń poetikalıyq mätindegı verbalданu erekşelıgı (M. Maqataev poeziyası boıynşa): filol. ğyl. kand... dis: – Almaty: A. Baitürsynüly at-ğy Tıl bılımy inistituty, 2006. – 107 b.
3. Japaqov S. Epikalıyq frazeologizmderdıń kognitivtik negızderı: filol. ğyl. kand... dis. – Almaty: A. Baitürsynüly atyndağy Tıl bılımy inistituty, 2003. – 130 b.
4. Uäli N. Frazeologia jäne tıldık norma. – Almaty: Qazaq tılı, 2021. – 120 b.
5. Brown, J., Smith, R. (2022). Cultural Significance of Animal Idioms in Language // Journal of Animal Science. – 2022. – 100(3). – pp. 456-467.
6. Mūqanov S. Qazaq qauymy. – Almaty, Ana tili, 1995. – 81 b.
7. Smağūlova G. Qazaq frazeologiasy lingvistikalıyq paradıgmalarda: monografıa. – Almaty: Eltanym, 2020. – 256 b.
8. Qondybai S. Arğyqazaq mifologiasy. 1 – 4 kıtıp. – Almaty: Daik-Pres, 2004.
9. Sağidoldaqyzy G. Poetikalıyq frazeologizmderdıń etnomädeni mazmuny. – Almaty: Čylym, 2003. – 246 b.
10. Qaidar Ä.T. Halyq danalyğy (qazaq maqal-mätelderınıń tüsındırme sözdıgı jäne zertteu). – Almaty: Toğanai T, 2004. – 560 b.
11. Qazaqtyń maqal-mätelderı, qūrastyrğan: Smailova A.T. – Almaty, Sözdık-slovar, 2002. – 309 b.
12. Bajshukurova G., Kazmagambetova A. Otrazhenie duhovnyh cennostej vo frazeologii russkogo i kazahskogo jazykov // Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series. – 2021. – S. 53-60.
13. Bekenova G.Ş. Onomastikadağy nominasialıyq sipat // Eurazia gumanitarlyq inistitutyńıń habarşysy. – №3/2022. – B. 16-24.

### Авторлар жайлы мәлімет:

**Бекенова Гүлнар Шияпқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының профессоры, Астана, Қазақстан.

**Бекенова Гүлнар Шияповна** – кандидат филологических наук, профессор Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусайинова, Астана, Казахстан.

**Bekenova Gulnar Shiyapovna** – candidate of Philological Sciences, Professor of A.K. Kussayinov Eurasian humanities institute, Astana, Kazakhstan.